

Салық салу объектісінің Т. Рысқұлов ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 12 қарашадағы № 254 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 қарашада № 4807 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына сәйкес Т. Рысқұлов ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес салық салу объектісінің Т. Рысқұлов ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Т. Рысқұлов аудан әкімінің орынбасары Жандос Ілиясбекұлы Ордабаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, 2021 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Т. Рысқұлов ауданы әкімі

Е. Садырқұлов

"КЕЛІСІЛДІ"

Т. Рысқұлов ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы

_____ А. Аскарова
" ____ " _____ 2020 жыл

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 12 қарашадағы
№ 254 қаулысына қосымша

Салық салу объектісінің Т. Рысқұлов ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Ауылдық округ атауы	Елді мекен атауы	Коэффициент
1	Құлан	Құлан ауылы	2,7
		Қарақат ауылы	2,55
		Шөңгер ауылы	2,35
		Еңбекші ауылы	2,65

2	Абай	Көкарық ауылы	2,65
3	Ақыртөбе	Ақыртөбе ауылы	2,7
		Малдыбай ауылы	2,55
4	Жаңатұрмыс	Жаңатұрмыс ауылы	2,55
5	Қарақыстақ	Каменка ауылы	2,55
		Жалпақсаз ауылы	2,55
		Қазақ ауылы	2,55
		Тасшолақ ауылы	2,55
6	Көкдөнен	Көкдөнен ауылы	2,65
		Жақсылық ауылы	2,65
		Құмарық разъезді	1,95
7	Қорағаты	Қорағаты ауылы	2,55
		Аққайнар ауылы	2,05
		Қорағаты станциясы	2,35
		Мамыртөбе ауылы	1,85
		Тойқұдық ауылы	1,95
8	Көгершін	Көгершін ауылы	2,7
		Қосапан ауылы	1,85
9	Қайыңды	Қайыңды ауылы	2,65
		Сөгеті ауылы	2,35
		Мамай-Қайыңды ауылы	2,45
10	Құмарық	Құмарық ауылы	2,65
		Алғабас ауылы	2,65
		Қаракемер ауылы	2,4
11	Ақбұлақ	Рахым Сабденов ауылы	2,65
		Байтелі ауылы	2,5
		Қызылшаруа ауылы	2,65
12	Луговой	Луговой ауылы	2,7
13	Ақниет	Д.Қонаев ауылы	2,55
		Абылхаир ауылы	1,85
14	Өрнек	Өрнек ауылы	2,65
		Әбжаппар ауылы	2,65
		Жарлысу ауылы	2,65
		Сәлімбай ауылы	2,65
		Сұмқайты ауылы	1,85
15	Тереңөзек	Тереңөзек ауылы	2,65
		Көкарық ауылы	2,1
		Шолақ-Қайыңды ауылы	2,0

